

## Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Күніне азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды қалалық мәслихатының III шақырылған XIV сессиясының 2007 жылғы 31 қаңтардағы N 8 шешімі. Қарағанды қаласы әділет басқармасында 2007 жылғы 27 ақпанда N 8-1-52 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты өз қызметін тоқтатқан (Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 сәуірдегі N 2-34/165 хатымен)

**Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты өз қызметін тоқтатқан (Қарағанды қалалық мәслихатының 2012.04.20 N 2-34/165 хатымен).**

Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес және Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Күнін мерекелеуге байланысты, Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ**  
**Е Т Т І :**

1. Азаматтардың келесі санаттарына біржолғы материалдық көмек көрсетілісін:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектеріне - 3000 теңге мөлшерінде;

2) қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарға - 1000 теңге мөлшерінде;

3) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдарға - 1000 теңге мөлшерінде;

4) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына - 1000 теңге мөлшерінде;

5) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін"

" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға - 1000 теңге мөлшерінде;

6) Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың (хабарсыз кеткен, қайтыс болған) қайта некеге тұрмаған әйелдеріне (ерлеріне) - 1000 теңге мөлшерінде;

7) жалпы ауруға шалдығу, еңбек ету кезінде зақымдану нәтижесінде қайтыс болған соғыс мүгедектері мен қатысушыларының қайта некеге тұрмаған әйелдеріне (ерлеріне) - 1000 теңге мөлшерінде;

8) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендері және медальдарымен марапатталған тұлғаларға - 1000 теңге мөлшерінде;

9) 1941 жылдың 22 маусымы мен 1945 жылдың 9 мамыры аралығында алты айдан кем емес жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдары тылда ерен еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларға - 1000 теңге мөлшерінде .

2. Уәкілетті орган болып табылатын "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім):

1) бөлім тізімдері бойынша жоғарыда көрсетілген санаттарға біржолғы материалдық көмектің тағайындалуын және есеп-шоттарға төленуін қамтамасыз етсін, ал біржолғы материалдық көмекті алуға құқығы бар, Бөлім тізімдерінде жоқ тұлғаларға белгіленген тәртіп бойынша тұлғаның белгілі бір санатқа жататындығын растайтын құжатқа сәйкес, банк операцияларын жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда ашылған зейнетақы мен жәрдемақы алушының жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініш тапсырады.

2) біржолғы материалдық көмек сомасының төленуі, банктік операцияларды жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардағы есеп-шоттарға 1 шілдеге дейін қамтамасыз етілсін;

3) материалдық көмек көрсету шығындары "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" 007 бағдарламасында қаралған қаражат есебінен қаржыландырысын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және халықты әлеуметтік қорғау мәселесі бойынша тұрақты комиссияға жүктелсін (төрайымы Майра Мәжікенқызы Оспанова).

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*III шақырылған қалалық  
мәслихаттың кезекті XLV  
сессиясының төрайымы М. Оспанова*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*Қ. Бексұлтанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК